

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Менің альбомым» (қағаздан)

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.04.2018СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/35354/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Искакова Фарида**

**Мақсаты:** Қағазды қатпарлап бөлуге, қағаздан құрастыру әдістерін қолданып көлемді формадағы жазық материалды өзгерту іскерліктерін бекіту. Альбомды әдемілеп, ұқыпты жасауға, өз орындарын таза ұстап, жұмыстан кейін жинап қоюға дағдыландыру.

**Керекті құралдар:** Түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім, сүлгі, үлгі ойыншықтар, трафареттер мен шаблондар, әліппе дәптер.

**Әдіс-тәсілдер:** Қағазбен жұмыс жасау жолдарын түсіндіру. Қию, желімдеу іскерліктеріне машықтандыру, қайшымен жұмыс жасауда қауіпсіздік ережелерін мұқият сақтау.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: Білетін тақпақ, өлең, әндерін қайталау, бос уақыттарында әр түрлі ойыншықтар жасап үйрену.

**Қостілділік:** альбом-суретқап, бумага-қағаз

**Іс-әрекет кезеңдері**

Мотивациялық қозғаушы

Шаттық шеңбері

Қуанасың сен де,

Қуанамын мен де.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

Балалардың барлығы біркелкі көңілді түрде шаттық шеңберін орындайды.

**Ғажайып сәт:**

-Балалар бүгін бізге қонаққа

Айша атты қуыршақ қонаққа келіпті.

-Балалар Айша қуыршақты көріп қуанды.

-Ол өзімен бірге альбомында ала келіпті.

-Қанекей, бірге көрелік.

-Олай болса бізде өзіміздің суреттерімізді салатын альбом жасасақ қалай қарайсыңдар?

**Іздену -ұйымдастырушылық**

Өздерінің суреттерін көрсетіп тағыда басқа бірнеше әдемі суреттермен бірге әліппе-дәптердегі суретке зер салып, оларды қалай жасайтындықтарын түсіндіреді.

Балалар әдемі суретке зер салып қарайды.

-Қанекей балалар әрқайсыларыңның алдында жұмысқа керекті құрал-жабдықтар бар.

-Бәріміз бірге отырып жасайық.

Тәрбиеші: Әр баланы жеке бақылайды. (түрлі-түсті қағазды, қалаған үлгідегі трафарет, шаблондарды таңдау, трафарет бойынша үлгі сызу, қию, желімдеу т.б)

Қажетті материалдармен үлгі бойынша, тәрбиешінің қадағалауымен жұмыс жасайды.

-Қабаттап немесе қатарластыра бүктеуге қиналған балаларға көмектеседі.

-Қағаз түстерінің үйлесімді болуын қадағалайды.

-Өз жасаған альбомдарын әңгімелеу.

**Сергіту сәті:**

Ағаштар шайқалып,

Желменен биледі.

Шыбықтар сыбдырлап,

Жәйменен иілді

Басылса жел енді,

Тыныштық енеді.

Сергіту сәтінде бірдей көңілді орындады.

### **Мақтау, марапаттау.**

-Жұмыс аяқталған соң әр жұмысты әсемдігіне, түс үйлесімділігіне қарай мадақтайды, дайын альбомдарын тақтаға іліп балаларға еңбектері үшін алғысын айту.

Балалар жасаған альбомдарын бір-біріне көрсетіп қуанды.

-Өз альбомдарын аналарына көрсететіндерін айтып қуанды.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** қағаздармен ұқыпты жұмыс жасауды.

**Игереді:** қағазбен жұмыс жасай отырып, қағазды қатпарлап бөлуді.

**Меңгереді:** қағаздан альбомды жасай алуды және оны өздері әшекейлеуді.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.